

100 МЛРД ҚАЛАЙ ИГЕРІЛДІ?

Осыдан жарты жыл бұрын өндірістік өнеркәсіп саласындағы шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында Ұлттық қордан 100 миллиард теңге бөлінген болатын. «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры бұл қаржыны толықтай игеріпті. Бұл жөнінде Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі АҚ басқарма төрағасы Қуандық Бишімбаев хабарлады.



100 миллиард теңгені үлестіру үшін «Даму» қоры екінші деңгейлі банктерде несиелік желі ашып, тиісті талаптарға сай деп танылған шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарға 6 пайыздық үстемақымен бергенін айтуымыз керек. Брифингте айтылған мәліметке сүйенсек, бұл қаржыға республика көлемінде 437 кәсіпорын қол жеткізген. Жаңадан 23 жоба іске қосылып, ел ішінде 4,5 мың жаңа жұмыс орны ашылған.

Қ.Бишімбаевтың айтуынша, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының шарты бойынша бөлінген қаржының 50 пайызы жаңа жобаларға берілуі керек еді. Соның ішінде, 25 пайызы тамақ өнеркәсібі саласындағы жаңа жобаларға жоспарланған екен. Ал қаржының 50 пайызы кәсіпорындардың бұрын алған несиелерін қайта қаржыландыруға, банк берген несиелік үстемақыны жеңілдетуге бағытталады деп есептелген еді. Ал іс жүзінде қаржының 73 пайызы жаңа жобаларға берілді.

«Қалған 27 млрд теңге кәсіпорындарды қайта қаржыландыруға, олардың несиелік шарттарын жеңілдетуге жұмсалды, – дейді

Қ.Бишімбаев. – Ал 73 пайыз қаржының 38 пайызы тағам өнеркәсібі саласындағы жаңа жобалар мен осы саладағы бұрын қолға алынған жобаларды қайта қаржыландыруға бағытталды. Қаржыландыру көлемі бойынша, екінші орында құрылыс материалдар шығаратын кәсіпорындар тұр. Осы саладағы 90 кәсіпорын жалпы сомасы 23 млрд теңгенің көмегін алды».

– Өндіріс өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасының әлеуметтік-экономикалық әсері өте жоғары. Мәселен, 20 жыл ішінде 13 мыңға жуық жаңа кәсіпорындар ашылып, бюджетке салық ретінде жылына 7 млрд теңге түсетін болады. Бұл көрсеткіш 20 жыл ішінде 250 млрд теңгеге дейін өседі. Бір жыл ішінде мемлекет тарапынан қолдау тапқан кәсіпорындар саны 465-ке жетсе, 20 жылда олардың саны 1 300-ге дейін өседі, – деп атап өтті Қ.Бишімбаев.

Аймақтар бойынша сараласақ, 100 млрд теңгенің 20 пайызы Астана мен Алматы қалаларындағы шағын және орта бизнес өкілдеріне, қалғаны аймақтардағы бизнес иелеріне берілген. «Бәйтерек» холдингі басшысының есебінше, өндіріс өнеркәсібі

саласындағы ШОБ өкілдеріне көрсетілген бұл көмек ертең нәтижесін береді. Алдын ала есеп бойынша, алдағы 20 жылда осы салада жаңадан 13 мың жұмыс орны ашылып, жыл сайын бюджетке 7 млрд теңге салық түседі деген болжам бар. Сонда 20 жылда қазынаға құйылатын салық 250 млрд теңгеге жетеді екен.

«Егер біз өндірісті қолдағымыз келсе, онда өндірісшілердің айналымдағы қаржыландырылуын кеңейте отырып, айналымдағы қаражатты толтыруға да несиелер бойынша жеңілдік жасауымыз қажет. Қазіргі уақытта біз бағдарламаға сәйкесінше өзгерту енгізу туралы ұсыныс жасадық және Ұлттық

Бизнестің жол қаратқышы аясында бөлінген 100 млрд теңгені игеру кезіндегі орташа займ сомасы – 230 млн теңге, ал ең төменгі несиелік желі ашып, тиісті талаптарға сай деп танылған шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарға 6 пайыздық үстемақымен бергені белгілі. Қаржыға республика көлемінде 437 кәсіпорын қол жеткізген. Жаңадан 23 жоба іске қосылып, ел ішінде 4,5 мың жаңа жұмыс орны ашылған.

Брифингке қатысқан «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимованың айтуынша, 100 млрд теңгені игеру кезіндегі орташа займ сомасы – 230 млн теңге, ал ең төменгі несиелік желі ашып, тиісті талаптарға сай деп танылған шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасын жүзеге асыру барысында бірқатар мәселелер туындаған, ол мәселелер өз кезегінде алдағы уақытта бағдарламаға өзгертулер енгізуге ықпал етуі мүмкін екен.

қордан бөлінетін кезекті қаражатты өндірісшілерді қайта қаржыландыруға бағыттауға болады деп ойлаймыз», – дейді Л.Ибрагимова.

«Даму» қорының жетекшісі екінші деңгейлі банктердегі несиелік менеджерлердің кәсіби деңгейін жоғарылату қажет екенін айтады. Сонымен бірге, банк менеджерлеріне жобаларды қаржыландыру бойынша шешім қабылдауға мүмкіндік беру керек деген пікірін білдірді.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Кәсіпкерлер салығы өңірлердің өңін кіргізеді

Ұлттық экономика министрлігі шағын және орта бизнес кәсіпорындарынан түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке қалдыруды ұсынады. Бұл туралы Сенат депутаттарымен кездесу барысында Ұлттық экономика вице-министрі Марат Құсайынов мәлім етті.

– Бізде 300 ірі-ірі салық төлеушінің тізімі бар, соларды республикалық бюджетке қалдырып, қалған шағын және орта бизнесті біз жергілікті бюджетке бере аламыз. Шындығын айтқанда, біз мұндай бастаманы 2012 жылы көтеріп, Президент Әкімшілігіне дейін шыққанбыз, – деді Марат Құсайынов. Оның сөзіне қарағанда, 2012 жылы аталмыш ұсыныс қолдау таппаған, алайда министрлік дәл осы ұсынысты қайтадан енгізуге ниетті.

«Біз 2011 жылдан бастап, 2012, 2013 жылдар бойы шағын және орта бизнес кәсіпорындарынан түсетін корпоративтік табыс салығын жергілікті өңірлерде қалдырса қалай болар еді деген

мәселені әр жыл сайын есептеп, сараптап, қорытынды шығарып келеміз. Мұндай сараптама бізде бар. Ал оған сүйенсек, көптеген өңірлер, әсіресе ірі өңірлер бұдан ұтады. Ал басқа аймақтар, мәселен шағын және орта бизнесі дамымаған өңірлерде бұл ешқандай өзгеріс әкелмейді», – деді Р.Дәленов. Осы ретте вице-министр аталмыш мәселе жылдың соңына таман облыс басшыларымен талқыланатынын жеткізді. Оның сөзіне қарағанда, мұны шешу үшін корпоративтік табыс салығын аудан деңгейінде бөлуге де мән берген маңызды. Өйткені, бұған дейінгі сараптаманың барлығы дерлік облыстық деңгейлер бойынша жасалған. Токтала кететін жайт, кездесу ба-



рысында сенаторлар шағын және орта бизнестің корпоративтік табыс салығын жергілікті бюджетке қалдыру жайын сұраған болатын. Бұл мәселеге Қаржы министрлігімен қоса Ұлттық экономика министрлігі де оң көзқарас танытып отыр. Бұл өз кезегінде аймақтардағы кәсіпкерліктің дамуына оң серпіліс беріп, жағдай жақсара түсетіні анық.

Жеңіл өнеркәсіптегі оңды өзгеріс

Елімізде тоқыма бұйымдарын өндіру 23,4 млрд теңгені құрады. Бұл туралы бүгін Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Аманияз Ержанов мәлім етті.

«Ағымдағы жылдың тоғызыншы айының қорытындысы бойынша, жеңіл өнеркәсіптегі өнім өндіру көлемі қазіргі бағамен алғанда 46 млрд теңгеден асып түсті. Тарқатып айтар болсақ, тоқыма бұйымдарын өндіру 23,4 млрд теңгені, киім өндірісі – 19,8 млрд теңгені, былғары мен былғары тектес өнімдерді өндіру 3,5 млрд теңгені құрады», – деді ол. А. Ержановтың айтуынша, ірі кара мал терісінен былғары өндіру өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 71 мың шаршы метрден 260 мың шаршы метрге дейін, яғни 3,7 есе өсті.

Үй шаруашылығына арналған дайын тоқыма бұйымдары 1,2 есеге, машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж сырт киімдері 1,2 есеге артқан. Белгілі болғандай, 2010-2013 жылдар аралығында салада он төрт жаңа өндіріс пайдалануға берілді. Әрине, біздер бұл жетістіктерге бола арқаны кенге салмауымыз керек. Өйткені Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуға ресурс та, маманда жетерлік. Оңтүстік Қазақстан облысындағы бір ғана мақта саласының дамытып, елге қыруар пайда келтіруге болады. Бұдан басқа еліміздегі жүн мен теріні өңдеу саласы де өз деңгейінде жұмыс істеп жатқан жоқ. Жеңіл өнеркәсіпті дамытуды көздейтін жекелеген салалық бағдарлама қабылдап, іске кірісетін кез жетті. Бұл ретте Қазақстан баурылас Түркия елінің іс-тәжірибесін басшылыққа алып жұмысқа кірісуіне толықтай мүмкіндігі бар. Өз кезегінде түрік ағайындар бізге қол ұшын беруден қашпасы анық. Сол себепті жеңіл өнеркәсіптің бағындырар биігі алда дегеніміз жөн.

ҚОРДАҒЫ ҚАРЖЫҒА ҚОЛ САЛМАҚ

Әзірге алынатын қаржыны қайтарудағы несиелендіруге қанша болатыны, оның қалай қайтарылатыны белгісіз. Белгілісі Ұлттық қордан индустриалды бағдарламаларды жүргізуге 75 миллиард теңге бөлінген. Оның 50 млрд теңгесі бизнесті несиелендіруге, қалған 25 миллиард теңгесі банктердің қосымша капиталын толықтыруға жұмсалды. «Енді тағы да осынша қаржы қажет» дейді Даму банкінің төрағасы.

«Банктер бұған қазірден қызығушылық танытып отыр. Біз осы арқылы екінші деңгейлі банктерге ұзақ мерзімде әрі арзан үстемемен қаржы бере аламыз. Ал банктер сол қаржыны кәсіпкерлерге беру арқылы кәсіп иелерінің жобаларын қаржыландырады. Бұл елде бизнестің дамуына, ірі индустриалды-инновациялық жобалардың қарқын алуына жол ашады. Бұл – өте ұтымды ұсыныс. Сондықтан біз келер жылдан бастап бұл сауалдарды толығымен шешуге бел байлап отырмыз» дейді Болат Жәмішев.

Үкімет бұған дейін де бизнесті қолдау үшін, индустриалды-инновациялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін бюджеттен қыруар қаржы бөлді. Енді келіп, екінші деңгейлі банктерге бірыңғай зейнетақы қорындағы қаржы берілетін болса, оның толықтай қайтарымына ешкім кепілдік бере алмайды.

Ұсынсты таразылау керек

Оразәлі Сәбден, экономист-ғалым:

– Меніңше, Жәмішевтің Бірыңғай зейнетақы қорынан бизнесті несиелендіру ісіне қаржы сұрауы орынсыз. Себебі бизнесті қаржыландыруға, арзан несиелемен қамтуға бұған дейін де Үкімет қомақты қаржы бөліп келді. Бизнесті жандандыруға қатысты қаншама бағдарламалар легі бар. Осы бағдарламалар өз нәтижесін қаншалықты берді? Егер бірыңғай зейнетақы қорындағы қаржыдан миллиардтаған теңгелер алынатын болса бұл жан-жақты зерттелуі қажет. Қазір біздегі шағын және орта бизнестің көлемі 20 пайызға да жетпейді. Жұмыссыздық көлемі 6,5 пайыз. Оған өзін-өзі жұмыспен қамтып отырған 2 млн 700 мың адамды қоссаңыз, жұмыссыздықтың

Қазақстанның Даму банкі Бірыңғай зейнетақы қорынан бизнесті несиелендіруге 75 миллиард теңге сұрап отыр. Даму банкінің төрағасы Болат Жәмішевтің айтуынша, мұндай қаржы елдегі индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін және кәсіпкерлерді қолдау үшін қажет. Елдегі банктерде қолма-қол ақшаның жетіспейтінін, сондықтан бұл жобаға қаржылай демеу беруге Бірыңғай зейнетақы қорын да тарту қажеттігін алға тартқан Даму банкінің төрағасы «75 млрд теңге алдымен екінші деңгейлі банктерге бағытталып, бұдан соң кәсіпкерлерге несиеле берілуі тиіс» дейді.



деңгейі 20 пайыздан да асып кетеді. Ал енді зейнетақы қорындағы қаржыны сұрау арқылы Жәмішев осы жұмыссыздық көлемін төмендете ала ма, шағын және орта кәсіптің 20 пайыздық мөлшері өсе ме? Расымен тиімділігі бар ма, ол қайтадан қорға толықтай қайтарыла ма, жоқ па? Бұдан пайда қаншалықты? Міне, осының барлығын түгелдей таразылауы тиіс. Олай етпесек, бізде тәжірибеге енгізген талай дүниелердің нәтижесі әлдекімдер айтқандай жоғары болып шықпайды. Сондықтан бұл әбден зерттеліп, Мәжіліс талқысына түсіп барып шынымен экономикалық тиімділігі дәлелденсе онда қордағы қаржыны жұмыс істетуге болады.

Халықтың жылдар бойы жинақтаған қаржысын абайлап пайдаланған абзал. Зейнетақы қорларын біріктіретін кезде

ондағы қаржыны сырт елдерге шығарады деген де әңгіме айтығаны есімізде. Қордағы қаржы бекерге жатпауы тиіс. Ол отандық экономиканың өсіп-өркендеуіне жұмсалыуы керек. Бірік бұл істі жүзеге асырғанда атқарушы билік он ойланып, тоғыз толғанысуы қажет деп есептеймін.

Несиеңі 16,5 пайызға дейін өсірген

Марал Төртенова, экономист-сарапшы:

– Бізде бұған дейін де бизнесті қолдау үшін бюджеттен қаншама қаржы бөлінді. Бір ғана «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша алдымен жана жұмыс орындарын енді аша бастаған «әлсіз» кәсіпорындарға қолдау көрсету керек болса, бұдан кейін шетке дайын тауар ұсына

алатын кәсіпорындар қаржыландырылады. Кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ең алдымен шағын және орта бизнес өкілдеріне жеңіл-детілген несиелер таратылуы керек. Мәселен, бұл жөнінде бағдарламада «кәсіпкер екінші деңгейлі банктерден 14 пайызға несиеленуі болса, соның 7 пайызын Үкімет төлейді» делінген. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына сәйкес, былтыр отандық кәсіпкерлерден 729 өтініш түсіп, оның 389-ы мақұлданды. Әйтсе де бұл өтініштерді банктер баяу қарайды және қаржыландыру да баяу. Мысалы, бұл ретте банктерде сегіз ай бойы қаралып жатқан өтініштер де бар. Бұған қоса банктер кәсіпкерлерден қосымша кепілдік заттар сұрауда. Тіпті қайсыбір банктердің пайыздық үстемелерін 16,5 пайызбен қалдырып отырған жайы бар. Ал бұл пайыздық көрсеткіштер бағдарламада 12 пайыз деп көрсетілген. Міне, осындай келенсіздіктерден кәсіпкерлер арасында алған несиелерін қайтара алмай, үстемесі өсіп, кәсіптері тоқырап жатқандардың да саны баршылық. Әсіресе Жамбыл облысында, Қарағанды және Ақмола облыстарының кәсіпкерлері қолдарына қаржының уақытында тимейтінін, банктердің несиелерінде үстемесі жоғары екенін, бағдарлама бойынша бір өтініштердің қаралуы бірнеше айға созылатынын алға тартып отыр. Рас, зейнетақы қорындағы қаржы экономикаға жұмыс істеуі керек. Бірақ бұл жерде сол 75 млрд теңгені алып алған екінші деңгейлі банктер оны шынымен жұмыс істете ала ма? Мәселе осында. Ол қордан алынған қаржы толықтай қайтадан қорға құйыла ма, әлде тағы да сол проблемалы несиелер протфелін құрай ма? Қазір елде кәсіпкерлерге берген несиелерін қайтара алмаған, тұтыну несиелерін қайтара алмай қалған нашар активтері бар банктер көлемі басым. Қарыздың астында қалған банктер осы уақытқа дейін өздерінің проблемалық қоржындарын сылтауратып, экономиканың нақты секторларын қаржыландыруды тежеп келді. Бұдан кейін де олардың зейнетақы қорындағы қаржыны жұмыс істете алатынына да сену қиын. Сондықтан бұл жайтты өз басым орынды айтылған ұсыныс деп қабылдай алмаймын.

«Алаш айнасы» порталы

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Жемқорлықпен күрестің соны тәсілі

Қазір пара алған қызметкерлер үшін басшысының қызметтен кету мәселесі қоғамдық-саяси өмірімізде өткіз талқылануда. Бұл туралы бұрыннан бері айтылып келе жатқаны белгілі. Күні кеше ғана Парламент Сенаты күші бар заңға өзгерістер енгізіп, Мәжіліске қайтарды. Бұл заң бойынша пара алған қызметкерлер үшін басшылар жауап беретін болады.

Қол астындағы қызметкері жемқорлықпен істі болған жағдайда оның тікелей басшысы «бұл қызметте қалуға моральдік құқық жоқ» деп, өз еркімен отставкаға арыз беруі керек. Оны жоғары инстанция қабылдай ма, қабылдамай ма, ол енді басқа әңгіме. Мұндай тәртіп барлық жерде бар. Батыс, Оңтүстік Азия елдерінде бұл механизм жұмыс істейді. Түбінде біз де соған келуіміз. Қызметкер бұқаралық ақпарат құралдарына жаманатты болып шықса болды, ол өз еркімен қызметтен кетеді. Ал бізде сіресіп отырып алады. Тікелей бастығы да қарамағындағы қызметкер үшін жауап беруі тиіс, бұған жемқорлықты жоюдың бір әдісі деп қарау керек. Сонда ол қол астындағыларды тәрбиелеп,


коррупцияның алдын алуға жұмыс жасайды. Кейбір жағдайда қызметкердің пара алуына бастығы мәжбүрлеп, артынан бөлісетін шығар. Оны құқық қорғау органдары анықтайды. Егер мұндай жағдайға бастығы итермелегені дәлелденсе оған да қылмыстық іс қозғалады.

Жемқорлықпен күрес осыдан басталу керек. Біздегі басшылар қол астындағылар үшін жауап бермейді. Мұндай жағдайда пара алуды басшының өзі ұйымдастыруы да мүмкін. Бізге коррупциямен күрестің шетелдік әдісіне баяғыда-ақ көшудің маңызы зор. Батыс елдерінде мемлекеттік қызметтегілердің бірі пара алып «былғанса» департаменттің барлық басшы-

лары, тіпті сол ведомствоның басшысы да қызметтен кетеді. Мысалы, Жапон үкіметінде бірнеше рет

осындай жағдайлар болды, оларда коррупциямен осылай күреседі. Егер қызметкер мұны бастығын

қызметтен тайдыру үшін қасақана істесе, оны қызметтік тексеру жасау арқылы анықтау керек.



SARIF

ФРАНЧАЙЗИНГ БИЗНЕСКЕ СЕРПІН БЕРУДЕ

Отандық франшиза көбеюде

– Біздің есептеуіміз бойынша, еліміздің франчайзинг нарығы орта есеппен жыл сайын 20 пайызға артып келеді. Бүгін біздің көрмеде «Даму» қорының қолдауына ие болған сәтті жобалар галереясы ұсынылды. Франчайзинг табысты жобалардың өз идеяларын жүзеге асырудан тұрады. Қазақстандық нарықта тек шетелдік емес, отандық франшизалардың қатары көбейіп келе жатқаны қуантады, – деп атап өтті Бекнұр Қисықов.

Сала мамандарының айтуынша, дайын бизнесті сатып алу арқылы іс жүргізуді көздейтін франчайзингке қызығушылық жылдан жылға артып келеді екен. Бұрнағы жылдары қазақстандық нарықта шетелдік франшизалардың саны басым болса, бүгінде аяғынан тік тұрған отандық компаниялар да өз франшизаларын шығаруға мүдделі болып отыр. Аталмыш көрмеге қатысқан жергілікті компаниялардың франшизаларының құны 10-20 мың доллар аралығында. Одан бөлек, іс бастағысы келетін адамның қолында бизнесті дамыту мен инфрақұрылымға құятын қаражаты болуы тиіс. Көрмеге қатысқан отандық компаниялар қызмет көрсету, жеңіл өнеркәсіп, сауда-саттық, тамақ өнеркәсібі саласы бойынша дайын бизнесті сатуға әзір.

Ресейге шығамыз

Мәселен, көрме барысында брен-шоуларын өткізген «MIMIORIKI» компаниясы өз брендтерінің франшизасын 15 мың долларға бағалапты. Қазақстанда шығарылатын балалар киімі дүкенін өз қаласында ашқысы келетін кәсіпкердің франшиза сатып алуына болады.

Қазақстанның франчайзинг нарығы жыл сайын орта есеппен 20 пайыз өсім береді. Соның ішінде отандық франшизалардың саны аз да болса, артып келеді. Бұл жайында «KazFranch-2014» франчайзинг көрмесінде Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының президенті Бекнұр Қисықов мәлімдеді. Осымен екінші рет ұйымдастырылып отырған көрмеге 35 отандық және шетелдік компания өкілдері қатысып, өз өнімдерін таныстырды. Соның ішінде 7 компания былтырғы көрмеге қатысып, жақсы келісімге қол жеткізген.



– Біздің өз дизайнерлеріміз, технологтарымыз, маркетингтеріміз, Текелі, Талғар қалаларында өндірістік алаңымыз бар. Яғни, киімді пішіп-тігуден бастап, сатып алушыға жеткізуге дейін барлығын өзіміз жасаймыз. Қазақстан бойынша 15 қалада арнайы дүкеніміз ашылған. Бұл дүкендердің концепциясы, дизайны бірдей. Франшиза пакетін сатып алған кәсіпкерге сол қаладағы бірегей өкіл болу құқығы беріледі. Яғни сізден басқа ешкім біздің брендтің киімін сатпайды. Клиентпен қалай жұмыс істеу, істі қалай жүргізудің қыр-сырын

біздің мамандар үйретеді. 0-7 жас аралығындағы балалар киімі әр маусымда 500-дей үлгімен 10 топтама болып шығады. Ақтау, Қостанай Петропавлдан басқа ірі-ірі қалалардың барлығында дүкеніміз бар, енді шетелдік нарыққа, Ресейге шығуды жоспарлап отырмыз,–дейді компанияның коммерциялық директоры Екатерина Порозова.

Орта бизнестің қолдаушысы

Бұндай жобаларға салынған қаржы 6 ай мен 2-3 жыл аралығында өзін-өзі ақтайтын

көрінеді. Дайын бизнесті сатып алу – жаңа нәрсе ойлап табу әлдеқайда жеңіл. Дегенмен, кәсіп бастағысы келген жандардың қолында қаражат жеткілікті бола бермейді. Ал банктер міндетті түрде кепіл сұрайтыны белгілі. Осы орайда «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының төрайымы Ләззат Ибрагимова өз ісін бастағысы келетін 29 жасқа дейінгі кәсіпкерлер «кепіл беру» бағдарламасына қатыса алатынын жеткізді. Бұл бағдарламада салалық шектеу жоқ. Стартап жобаның құны 20 миллион

теңгеге дейін болса, кәсіпкер 30 пайызын өзі жинап, қалған 70 пайызын «Даму» қорының кепіл болуымен банктен несиеге ала алады.

– Орта бизнес үшін франчайзинг іс жүргізудің ең бір тиімді тәсілі саналады. Сондықтан «Даму» қорының қаржылық құралдарын франчайзингтің дамуына ыңғайландырып жаттырмай. Қазір франшиза сатып алу үшін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында мемлекеттік грантқа қол жеткізуге болады. Одан бөлек, осы жылдың 1 тамызынан бастап, барлық жас кәсіпкерлер салалық шектеусіз «Даму» қорының кепілдігін пайдалана алады. Яғни сіздің жобаңыз табысты және жылына 14 пайыздық үстемасымен субсидиясыз несие төлеуге әзір болсаңыз, қор сіз үшін екінші деңгейлі банк алдында кепіл болады. Бұл қызмет көрсету, сауда-саттық секілді басымдыққа ие емес салада бизнес бастағысы келгендер үшін тиімді, – деп пайымдайды Ләззат Ибрагимова.

Сондай-ақ көрме аясында «Жас кәсіпкерлер мектебі» жобасының жеңімпаздары марапатталды. Бұл кәсіпкерлер екінші деңгейлі банктер ұсынған 2-3 миллион теңге көлеміндегі қаражатқа қол жеткізді. Мәселен, Текелі қаласының тұрғыны Юлия Гомоненко өз қаласында ипотетипияны дамыту жобасы үшін 3 миллион теңгенің грантын қажығасына байласа, тараздық Ақмарал Дәрменбаеваға полиэтиленнен эко-пакеттер шығару жобасы үшін 3 000 000 теңге табыс етілді. Ал қостанайлық Никита Карцев кешенді электрүнемдеу жүйесін жасау жобасы үшін 2 миллион теңгеге қол жеткізді.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Теңге мен рубль ара салмағы

Таяуда Ресей Орталық банкі рубльді еркін айналымға жібермек. Бұл жағдай теңгенің тұрақты курсына әсер етуі мүмкін. Ал Ұлттық банк басшысы теңгенің долларға қатысты курсы 170 теңгеге дейін төмендеуі мүмкін екенін айтты. Жуық арада бұл процестің орын алуы ықтимал.



Қазақстанның екшелген курсына қарағанда Ресейдегі валюта курсы үнемі өзгеріп тұрады, мәселен бірде құлдыраса, бірде беки түседі. Сондықтан айтарлықтай өзгеріс бол-

майды. Сарапшылардың пайымдауынша рубльдің долларға қатысты нағыз курсы 36-37 деңгейінде. Басқаша айтқанда, рубльдің әлсіреуінің себебі Украина жағдайы мен соған байланысты

туындаған санкциялар салдарынан. Егер де бейбітшілікке қол жеткізіп, санкциялар күшін жоя бастаса, рубль бірден бекиді. Міне, осы кезде теңгенің рубльге қатысты курсы тұрақталады. Себебі рубльдің құлдырауына негізделген психологиялық факторлар жойылса, нарық теңгенің күшеюіне әсер ете бастайды. Егер жағдай бұдан да нашарласа, рубльдің де жағдайы нашарлай береді.

Кейбір сарапшылар рубль курсының өзгеруін қабылдайды. Сондықтан курсты тікелей байланыста өзгертіп отыру керек дегенді ұсынады. Яғни рубль 10 пайызға төмендесе, теңгені де 10 пайызға әлсірету керек дегенді айтып жүр. Бұл бір ғана дерекке сүйенген біржақты талдау. Себебі мұндай мәселелер жан-жақты талдауды талап етеді. Олай болса, мұндай тікелей байланысты жасамауға бірнеше себеп бар екенін айта кеткен жөн.

Біріншіден, ақпан айындағы девальвация кезінде рубльдің әлсіреуін 36,5 деңгейімен есептеу керек. Егер 20 пайызын алып тастасак, 43,8 пайыз – ең ақырғы деңгейі, міне осы кезде теңгеге қысымды байқауға болады.

Екіншіден, Ресей – жалғыз сауда-саттық серіктес емес. Қаңтар-шілде айларында

еліміздің Ресейге импорты бар болғаны 32,7 пайызды құраған, бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда кеміп қалған. Былтыр аталмыш уақыт аралығында 36,3 пайызға жеткен болатын. Ресейден өзге Еуроодақ пен Қытайдың бар екенін ұмытпаған жөн. Олардың үлесі – 22,1 пайыз және 17,7 пайыз.

Үшіншіден, әдетте серіктес мемлекеттің валютасы әлсіресе бұл бір ғана факторға әсер етеді. Атап айтсақ, оның тауарларының арзандауы мен мөлшерлес импорт өсімінің кемуіне әкеп соқтырады. Алайда биылғы жылдың қаңтар-шілде айларындағы Ресейдің импорты былтырғы жылмен салыстырғанда 24,6 пайызға құлдыраған. Сондай-ақ бұл тенденция жыл басынан бері байқала бастаған. Бұл дегеніңіз, Ресей импортының өсімін елімізден валютаны кері қайтару факторы есебінде қарауға болмайды.

Төртіншіден, ресейлік рубльдің құлдырауы Ресейдің ішкі нарығындағы бағаларының өсіміне әкеледі. Бұл ресейлік тауардың арзандауын жояды, ендеше Қазақстанға жіберілетін импортты да азайтады. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, рубльдің динамикасы теңгеге әсер етпейді деп айтуға болады.

БҰҚАРА ЖАЙЫН ОЙЛАЙТЫН БАНК ЖОҚ

Таяуда Қабиболла Жақыповтың төрағалығымен өткен Мәжілістің кешегі жалпы отырысында қалаулылар банк секторына қатысты бірнеше депутаттық сауал жолдады. Олардан қазіргі банк секторында туындап жатқан әр алуан мәселелер көрініс береді. Мәжіліс депутаттары Жамбыл Ахметбеков, Галина Баймаханова, Төлеш Кенжин және басқалары кеше Премьер-министр Кәрім Мәсімовке жүгінді.

Жалғыз баспанна тартып алу жалғасуда

Әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайларында Қазақстан Үкіметі коммерциялық банктерді қолдау үшін әртүрлі іс-шараларды ұдайы өткізіп тұрады, – деді хатты оқыған депутат Борис Сорокин. – Қазақстандық банк секторын тұрақтандыруға және сауықтыруға Ұлттық қордан бағытталған қаражаттар үлесі 1 триллион теңгеден асуы мүмкін. Оның үстіне банктер үшін арнайы жеңілдікті салықтық режим 2015 жылдың соңына дейін ұзартылды, ол қайтарылмайтын кредиттерді салық төлеусіз есептен шығаруды қарастырады. Алайда мұндай көмек проблемалы кредиттерге ешқандай ықпал етпеді: олардың көлемі тұрақты артып барады.

Депутаттарға азаматтар мен қоғамдық ұйымдардан бағытталған осыған қатысты арыз-шағымдар легі толастамай жатқан көрінеді. «Оларда айтылғанындай, банктердің миллиардтаған сомалық проблемалы заемдарды есептен шығарып тастағандары туралы мәлімдемелеріне және осы тәжірибені жалғастыру жоспарларына қарамастан, бүгінде заемға кепілзат болған жалғыз баспананы мәжбүрлі түрде тартып алу процесі белсенді жалғасуда. Банктерді мемлекеттің жанжақты қолдауы аясында олардың бұл әрекеттері адамдарда түсінбеушілік тудырады. Атап өтер жайт, банктердің кепілдегі пәтерлерді тартып алуы нәтижесінде азаматтардың өздеріне-өздері қол жұмсау, суицидке бару жағдайлары тіркелуде» дейді қалаулылар.

Осыған байланысты Мәжілістің бір топ депутаты Үкімет басшысынан мәселені шешу үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды ұсынады. «Ал комиссия тиісті шешім қабылдағанға дейін проблемалы заемшыларды жалғыз баспанасынан

шығаруға және жылжымайтын мүлікті банк балансына көшіруге мораторий жариялау қажет» дейді олар.

Үмітсіз несиелер 10 пайыздан аспасын

Мұның сыртында тағы бір топ қалаулы банктердегі «улы» («токсичный») заемдар айналасындағы ахуалға егжейтегжейлі талдау жүргізуге белсенді отыр. Олар кеше Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбетовке депутаттық сауал жолдады.

– Ұлттық банк әрбір банктің ссудалық портфеліндегі «жұмыс жасамайтын» заемдардың үлесіне шек-лимиттер енгізді, – деп хабарлайды депутат Айқын Қоңыров. – Былтырғы жылы ол 20% болған. Быылдан бастап, ондай кредиттер үлесі 15%-дан аспауға тиіс. Мемлекет басшысы қайтарылмайтын несиелер үлесін 10%-ға дейін

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» (БЖЗҚ) қаражаттарының ресейлік «Сбербанкке» берілген. Біздің қордан оған бөлінген қаржы сол банктің қазақстандық активтерінен асып түседі: Қазақстандағы активі 130 миллиард теңгені ғана құрайтындығына қарамастан, Сбербанк БЖЗҚ-дан 152 миллиард теңге тарта алыпты! Және де бұл көрші Ресейдегі күрделі экономикалық жағдай аясында орын алып отыр. Бұны қалай түсінуге болады.

азайту туралы міндет қойған болатын. Бүгінде соған жетуге мүмкіндік беретін барлық жағдайлар жасалды.

Нарық жағдайында банк жүйесі жауапкершілік арқалайды, экономиканы дамытуды қаржыландырудың тәуекелдерін өзі көтереді. Дегенмен, депутат кейбір банктерде тәуекелдерді бағалау бойынша жұмыстың нашар екендігін, жемқорлық пен қомағайлық жайлағандығын, қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі төмендігін кынжыла жеткізді.



Сбербанкті жарылғағанымыз қалай?

«Standard & Poors» халықаралық рейтинг агенттігі сарапшыларының бағалауынша, 2014 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өтеу мерзімі 90 күннен асып кеткен қарыздар

қолдаған бұл депутаттық сауал сондай-ақ Үкімет басшысы К.Мәсімовке де бағытталды.

Қалаулыларды «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының» (БЖЗҚ) қаражаттарының ресейлік «Сбербанкке» берілуі қайран қалдырып отыр. «Біздің қордан оған бөлінген қаржы сол банктің қазақстандық активтерінен асып түседі: Қазақстандағы активі 130 миллиард теңгені ғана құрайтындығына қарамастан, Сбербанк БЖЗҚ-дан 152 миллиард теңге тарта алыпты! Және де бұл көрші Ресейдегі күрделі экономикалық жағдай аясында орын алып отыр. Әрине, қазақстандық банктерге бағытталған тәуекелді салымдарды «ұлттық қаржылық жүйеге деген қамқорлықпен» түсіндіруге болар, ал шетелдік банкті біздің азаматтар есебінен және сонша даулы шарттармен қолдау көп сауал туғызады» дейді Үкімет пен Ұлттық банк басшыларына, депутаттар.

Осыған орай олар сол миллиардтарды – болашақ қазақстандық зейнеткерлердің жинақтарын ресейлік банктің Ресей экономикасының проблемаларын шешуге пайдалану мүмкіндігін қорғауды сұрайды. Осылайша «Сбербанктің» айы оңынан туып отыр. Қазақстандық банктер қол жеткізе алмаған қаржыға көрші елдің қол салуы алаңдататын жағадай.

31,2%-ды құрапты. Сөйтіп, бір жыл ішінде 19,7%-ға өскен! «Осыған қарамастан, банктер белсенді түрде тұтынушылық несиені таратуда, ал экономиканың нақты секторын несиелендіруді қысқартуда. Банктердің ссудалық портфеліндегі тұтынушылық кредиттер үлесі 18%-ға жетті және биылғы 9 айда 16,2%-ға өсті» дейді А.Қоңыров.

Ұлттық банк басшысына депутат Азат Перуашев те жүгінді. Е.Никитинская, Т.Ерғалиев және басқа да қалаулылар

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Еуразиялық одақ жалқы мен бағаны өсіруі мүмкін

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одақ өз жұмысын бастамақ. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі аталатын үлкен министрліктің басшысы Тамара Дүйсенова ханым Еуразиялық экономикалық одақ қазақстандық қызметкерлердің жалақысының өсуіне ықпал етуі мүмкін екенін айтты.

«Оларда (Ресей мен Беларусь) жалақы деңгейі жоғары және бұл тіпті кей тұстарда ғалымдардың шетке көшуін болдырмау үшін біздің қызметкерлеріміздің жалақыларын көтеру арқылы біздің нарығымызға да әсер етеді» деді министр, журналистердің «Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істей бастауымен мигранттар тасқыны күтілмей ме?» деген сұрағына жауап бере отырып.

Әрине, бұл бүгінгі таңда тек қана әлеуметтік даму мәселелеріне жауапты министрді емес, бүкіл қазақ қоғамын мазалайтын өте маңызды сұрақ. Егер экономикалық заңдылықтарды ескерсек, кез келген жалақының нақты өсуі еңбек өнімділігі немесе өндіріс тиімділігі арқылы қамтамасыз етілуі керек. Кері жағдайда барлығын бағалар мен қызмет құнының артуына байланысты орын алатын «инфляция» дейтін айдаһар жұтып қояды. Сондықтан да есті ағайын «жалақы

көбейеді» дегеннен гөрі, «онда баға да өседі екен» деп бар ақшасына жанталаса азық-түлік сатып алуды бастайды. Тіпті «жалақы өскеннен бағаның осы деңгейде тұрғаны жақсы» деп санайтындар да аз емес. Сонда бізге Еуразиялық экономикалық одаққа мүше екенімізді желеу етіп, жоғары инфляцияға соқтыратын жалақының өсуі қажет пе?!

Бұл сұрақтың жауабын іздемей тұрып, осы ұйымда бізбен одақтас саналатын Ресейдегі ірі қаржы институты – Сбербанктің басқарма төрағасы (айтпақшы, ол біздің жерлесіміз) Герман Грефтің Мәскеу қаласында өткен «Россия зовет» атты инвестициялық форумында айтқан сөзін келтірейік. Онда ол қыруар қаржы жұмсалып, ешқандай нақты нәтиже бермеген федералдық бағдарламаларды қатты сынаған болатын. Тіпті КСРО-ның құлауына да кеңестік басшылардың экономиканы білмеуі ықпал етті деп дөп басты.

«Кенестер Одағы тұтынылатын астықтың жартысын сырттан тасыды. Барлық мұнайды АҚШ-тан астық сатып алып, оны қайта сату үшін сатты. Бүгін біз барлығын дерлік сырттан аламыз. Біз экономикалық заңдылықтар қандайда бір резектелік сипатқа ие, оларды қалай тартсаң да болады деп ойлаймыз. Бірақ олай болмайды» деген болатын.

Біздегі жағдай да маз емес. Бізде де тәуелсіздік жылдарында, әсіресе, соңғы 7-8 жылда қаншама мемлекеттік бағдарлама қабылданып, миллиардтаған, тіпті триллиондаған теңге қаржы бөлінді. Бірақ халықтың әлеуметтік жағдайы айта қаларлықтай күрт жақсарып кеткен жоқ. Мұны ел де түсіне бастады. Қазір жұрт жалақының өскенінен гөрі бағаның түскенін армандайтын болды. Сондықтан жана жылда жалақының өсуін күткеннен, экономиканың нақты салаларын, шағын және орта кәсіпкерлікті, өндірістік бизнесті дамытып, отандық өнім өндіру көлемін, еңбек өнімділігін, өндірістің тиімділігін арттыру мәселелеріне баса назар аударған дұрыс.

Қазақстан өзін айдай әлемге әлеуметтік мемлекет ретінде танытты. Сондықтан жалақы көтеру еліміздің ба-

сым бағыттарының бірі болып қала береді. Оны қамтамасыз ететін – ұлттық экономика. Жалақыны көтеру – Үкіметтің құзыретіндегі мәселе. Халықтың тұрмыс жағдайын нашарлатып алмау тұрғысынан бұлай жасауға болады. Бірақ әлемдегі, минералды ресурстар нарығындағы жағдай мен бағаның да бұған әсер ететіндігін ұмытпауымыз керек. Батыс елдерінің Ресеймен қарым-қатынасындағы салқындқтың ұнамсыз әсері де біздің бір бүйірімізге тиюі мүмкін. Сондықтан Қазақстан қанша жерден Ресеймен жақын көрші, одақтас болса да, басқа алып елдер біздің экономикамыздың дербестігін анық танытындай экономикалық саясат ұстанғанымыз дұрыс. Қазіргі жағдайды, ертеңгі ДСҰ-ға мүшелік беретін мүмкіндіктерді пайдаланып, экономикалық тәуелсіздікті нығайта беру қажет. Бір ғана елмен тонның ішкі бауындай араласып басқаны ұмыт қалдырсақ, біраз қиындықтарға тап болуымыз керек. Бұл ретте Президенттің копекторлы саясатының мәні мен мазмұнын түсінуге болады. Сондықтан біздер ЕуроОдақ пен Қытаймен экономикалық қарым-қатынасты жандандыра түсуіміз қажет. Бұл өте мәні зор мемлекеттік шаруа.

ШИКИ МҰНАЙ УАҚЫТЫНДА ЗАУЫТҚА КЕЛУ ТИІС

Жанармай тапшылығы жұртшылықты есенгіретіп тастады. Дүниежүзінде мұнай бағасы арзандап жатқаны ақиқат. Олай болса, Қазақстанда жанармай бағасы неге қымбаттайды? Мәселен, Иранда жанармай бағасы – 40 теңге шамасында. олай болса өз мұнайымызды өңдеуге шығынданбай-ақ, 60 теңгеден елімізге тасымалдап сатуға болмас па?

Павлодар МӨЗ (НПЗ) директоры Шухрат Данбай шикізат жеткізсе, мұнай дефицитіне жол бермей, өңделген өнімді бірден жанармай құю бекеттеріне жіберетін едік деді. Алайда тиісті орындарға шикізатты көбейту жөнінде хат жолданғанмен, еш нәтиже болмапты. Кейбір сарапшылар мұнай жетіспеушілігі қараша айына дейін созылады десе, кейбірі еліміздің Ресейге мұнай қарыз екенін айтуда...

Қазір Қазақстан мұнай өңдеу зауыттары 2,9 миллион тонна, жалпы ішкі тұтыныммен 4 миллион тонна жанармай өңдейді. Әрине, 1,1 миллион тоннасы импортқа жөнелтіледі. Қазір үш зауытқа да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде, ол 2016 жылы аяқталады деп жоспарланған, яғни жұмысы жанартылған соң әрқайсысы жылына 5,5 миллион тонна мұнай өңдеп, ішкі

қажеттілікті ғана қамтамасыз етіп қоймай, экспортқа шығару мүмкіндігімізді де артыра түседі. Ал жөндеу жұмыстары аяқталғанша, импорттық өнімге тәуелділік әлсіз тұсымыз болып қала береді. Себебі, Ресейдегі жанармай бағасы жиі өсіп тұрады, ал бізде жылына бір рет өзгеріске ұшырайды. Сөйтіп Қазақстанға жанармай сату олар үшін тиімсіз, пайдасы аз экспортқа айналады. Ондай жағдайда «ҚазМұнайГазӨнімдері» ЖШС жанармайды елімізге үлкен шығынмен сата бастайды. Әсілі шығыны онша көп емес, дегенмен қандай да болса шығынның тіркелгенін жоққа шығара алмаймыз, сондықтан жанармайдың бағасын қымбаттатады.

Жалпы, өзі шығынға ұшыраса да, ұзақ мерзімде жанармай сата беруге болады. Бірақ барлық ауыртпалық тұтынушыларға түседі.



Шығынды өтеу басқарушы құрылымдардың мойнында, сондықтан олар өз кезегінде бюджетке салықты толық төлеуге қауқарсыз болып қалады. Түптеп келгенде мәселе бұған тіреліп тұрған жоқ. Сырттан алдырылған және елімізде өңделген жанармай республика аймақтарына тегіс таратылады. Кей кездері жанармай құю бекеттері бар шағын кәсіпкерлер жанармайды сатып алған соң, оны одан әрі қарай сатудың орнына сақтап отырып алады. Өйткені біраз уақыттан кейін бағасын көтеріп сатуға мүмкіндік туады. Осындай жағдайда оның тұтынушылары ірі компаниялардың ЖҚБ-не (АЗС) баруға мәжбүр болады, ал олардың әп-сәтте ұлғайған сұранысты өтеуге шамасы жетпейтіні айдан анық. Десе де ірі компаниялар

тұтынушылар алдындағы міндетін адал атқару үшін талонмен сатуға көшеді. Ешбір мемлекеттік орган жанармайды тұрғындарға қажетті мөлшерде сатуға мәжбүрлей алмайды, нәтижесінде «қолдан жасалған», яғни жасанды дефицит пайда болады. Қоғамда дүрбелең қалыптасып, жанармайдың құны арта түседі.

Мұндай жағдай орын алғанда қолданатын бір тәртіп қалыптастыру керек. Мұнай өңдеу зауыттары мен жанармай құю бекеттері арасында алыпсатарлар болмауы тиіс, ал келісімшарттың формуласы еркін жасалуы керек. Яғни ЖҚБ-не жеткізілген жанармайдың бағасы екшелмейді, күнделікті әрбір тұтынушыға сатқан жанармайдың шектік бағасына байланысты болуы керек. Сонда

жанармайды сары майдай сақтап отырудың қажеті де болмай қалады, сәйкесінше ешқандай да дефицитке орын жоқ.

Қазақстанда мұнайды өңдеу тереңдігі шамамен 70 пайыз, ал Венесуэлада Қытайдағыдай 90 немесе 94 пайыз болуы мүмкін. Олар бір тоннадан 80 пайыз бензин өндіреді, ал біз ары кеткенде 30 пайыз шығарамыз. Оның үстіне, бізде бензин құнының жоғары болуын салық саясатымен түсіндіруге болады. Қазақстанда жанармай өндірушілерге дотация, яғни демеу қаржы берілмейді, керісінше, жанармайға салық салады. Мүмкін, мұны кейбіреулер әділдік деп санамайтын болар. Иранда жанармайдың құнын түсіру үшін арнайы субсидиялар беріледі. Мұны біз де байқап көріміз керек.



жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Таразға Украинадан босқын келмеген

Жамбыл облысының 80 пайызы Қырғызстанның су қорына тәуелді. Қазір көршіге су тәуелділігінен арылу үшін төрт кішігірім су қоймаларын салу жоспарланып отыр. Қазақстанның 2014-2020 жылдарға арналған су қорын басқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламада осы мақсатта 25 миллиард теңге қарастырылған.

Бұдан бөлек, әкім алдағы он-он бес жылғы жоспарлар жөнінде баяндап берді. 2020 жылға қарай Жамбыл облысында ауылшаруашылығында 245 миллиард теңгенің тауары өндірілуі тиіс. Қазіргі кезбен салыстырғанда көлемі екі есе ұлғаяды деген сөз. Ал ет өндірісі сол кезде 40 пайызға артып, 82 мың тоннаға жетуі тиіс. Сондай-ақ сүт өндірісінің көлемін 20 пайызға арттырып, жылына 325 мың тоннаға жеткізу жоспарланған.

Ауылшаруашылық саласын дамыту үшін шетелдік инвестициялар тарту ісі одан әрі жалғасады. Малайзия мен Венгрия кәсіпорындарымен ірі қара басын көбейту мақсатында

келісім-шарт жасалған. Одан бөлек, шетелдік инвесторлар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік жолы бойында 83 шағын сүт фермасын салуға да ынталы. Бұдан бөлек, 145 сүт қабылдау орындары ашылады.

Әлбетте, аймақ экономикасының локомотиві саналуға лайық химия өнеркәсібінің дамуы басты назарда. 2020 жылға дейін бұл саланы дамытуға 900 миллиард теңге бөлінеді. «Аймақтың химия саласында дамудың жақсы қарқыны байқалады. Болашақта химия өнеркәсібі облыстың өнеркәсіптік қауқарының локомотиві болатынына сенімдімін» – деді әкім өз баяндамасында. Осындай инвестициялық саясаттың



нәтижесінде бұл саладағы өндіріс көлемі алты есе өседі деп болжанып отыр. Ең бастысы, химия өнеркәсібі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына серпін беруі тиіс. Төрт ірі индустриалдық аймақ та осы сала негізінде құрылады. «Осының нәтижесінде өңірде 100-ден аса шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі пайда болады», – деді К.Көкрекбаев.

Бұған дейін ғаламторда

оңтүстік аймақтарға Украинадан босқындар келіп қоныс аударып жатқаны жайлы ақпарат таратылған еді. Брифингте әкім бұл мәліметті жоққа шығарды. «Украинадан ешқандай босқындар келген емес», – деп мәлімдеді К.Көкрекбаев. Оның айтуынша, Сириядан келген бір азамат әкім қабылдауында болып, одан көмек беруін сұраған. Ол Жамбыл облысынан шыққан казак

қызына үйленген, қазір төрт баласы бар. Ол әкімнен баспана мен жұмыс сұраған көрінеді.

Жамбыл облысы қазаба байлықтары аз, халқы негізінен күнін көретін өңір екені белгілі. Сондықтан Үкімет өндірісі аз аймақта ауыл шаруашылығын дамытуға барынша қолдау көрсетуі тиіс. Сол кезде аймақтағы аухуал тұрақты болады.

«ҚҰРДЫМ» КЕТУ БАСТАЛДЫ МА?

Ресейге қарсы санкция жарияланғанға дейін Батыс түгелдей дерлік азғантайда болса, даму көрсеткішін тіркеген еді. Енді міне, санкция жұмыс істей бастаған үш ай ішінде Ресейдің дамуы аздап шегерілгенімен АҚШ бастаған батыс алпауыттарының кейін шегінуі қарқынды жүре бастағандай. Сонда қалай Батыс өзіне-өзі ор қазған боп шыға ма?

Әлемдік қор биржаларындағы құнды қағаздар бағасы айтарлықтай түсті. Басқаны былай қойғанда ең білімді саналатын алпауыт Уорен Баффеттің өзі 2,5 миллиард доллардай ұтылғандығын мойындады. Бұл жолы тек өткен тоқсанның «ақшалылар аңтарылған айлар» болғанын дәлелдеп, жағдай неліктен осындай көрініс тапты деген сұраққа жауап іздейміз. Өйткені бұл сұрақтың нақты жауабын алу Қазақстан үшін де «ойсалар» болары сөзсіз.

Біріншіден, текегірестер мен сакциялар адамзат тарихында ешқашанда біреуді тежеуші келесісің дамытушы тетік бола алмаған. Себебі олар «таяқтың екі ұшы бар, бірін бассаң екіншісі маңдайыңа тиеді» деген аксиома бойынша жұмыс істейді. Оның себебі әлем мемлекеттері бір-бірінің тұтынушысы, сатып алушысы. Сатып алушы жақ мүмкіндігі шектелсе, оның әсері өндірісші жаққа да тиеді. Осыны біле тұрып Батыс саясаткерлері санкцияларды неліктен қыспаққа алудың жалғыз жолы ретінде қарастырды деген сұрақ алдан шығады. Оның жауабы біреу, ол – дәл қазіргі таңда Батыс мемлекеттеріндегі саясат тізгінін ұстағандарда экономикалық білімнің аздығы. Мұны Батыс алпауыт кәсіпкерлерінің өз мемлекеттері ұстанған саясатқа наразылық білдіруінен-ақ байқауға болады.

Таяуда АҚШ қор биржаларындағы эмитент – компаниялардың үшінші тоқсан қорытындысын шығарды. Әлем көз тіккен осынау оқиғаның нәтижесі ешкімді де қанағаттандырмады. Өйткені басқаны былай қойғанда «Коко-кола», «Макдоналдс» секілді әлемге кең тараған компаниялар табысы мүлде кеміп кетіпті. Мұны кейбір сарапшылар «құрдым» басталғаны деп атады.



Екіншіден, онсыз да үлбіреп тұрған Батыс экономикасынан ақшалы инвесторлар қашып жатқаны өміріміздің ақиқаты. Олар негізінен, даму қарқынын үдете түскен Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия қор биржаларынан «пана тапқан». Міне, өткен үш

ай осы Азияны паналаушыларды көбейтіп жібергендей. Яғни, Нью-Йорк қор биржасындағы эмитент компаниялардың акциялары өтімсіз қағазға айналып кеткен. Өткізушілер көбейсе, тауар құны түсетіні белгілі. Міне, негізінен, осы екі себеп

«ақшалыларды аңтарылған айлар» болуына басты қоздырғыш күштей әсер етті.

Ақшалылар аңтарған айда шикізаттар мен алтынның бағасы да бір түсіп, бір көтеріліп, яғни ауытқымалы жағдайда болды. Қазір әлемнің барлық ақшалы

Қазір алпауыт компаниялар негізінен, даму қарқынын үдете түскен Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия қор биржаларынан «пана тапқан». Қиындыққа толы үш ай Азияны паналаушыларды көбейтіп жібергендей. Яғни, Нью-Йорк қор биржасындағы эмитент компаниялардың акциялары өтімсіз қағазға айналып кеткен. бұдан дамудың өсі Азияға ауып бара жатқанын байқаймыз.

қалтасы ертенге сенімсіздікпен қарайтын жағдайда өмір сүруде.

Осылардың бәрін ой елегінен өткізіп отырып, қалай десек те жыл аяғына дейін осы «итырғақ жағдай» оншалықты өзгере қоймайды, қор биржаларында ақшаның тұрақтамауы азда болса тыйылады, шикізат, әсіресе, көмірсутектерінің бағасы қайтадан өсімге ұмтылады деген қорытынды жасаймыз. Өйткені ақшалылар қоларында байлығын валюта күйінде ұстау оларды құнды қағаздарға салғаннан әлдеқайда қауіпті екенін біледі. Ал құнды қағаздарда болған ақша жыл аяғында тиын-тебен болса да табыс табуы әбден мүмкін.

Шілдеде мұнайға деген сұраныстың біршама қысқарғаны туралы Қытайдан жеткен ақпарат та мұнай нарығына қысым жасады. Атап айтқанда, шілдеде қорытындысы бойынша Аспанастаны елі 19 миллион тонна мұнай импорттаған, бұл соның алдындағы айда қол жеткізілген рекордтық көрсеткіштен - 22,27 миллион тонна болды.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» Қазақстан биыл сыртқы әсерді онша сезбейтіндей «өмір сүре алады». Біз үшін басты қажеттілік мұнай бағасы қайтадан біршама көтеріледі. Сондай-ақ жыл соңына дейін Ресей рублі тұрақтылық деңгейін табады. Біздің есебіміз бойынша 1 рубль 3,8-4 теңге шамасында тұрақтанады. Ал 1 доллар 175 теңгеге дейін түсуі мүмкін. Мұны біз нақты әлемдік жағдайдың Қазақстандағы мүмкіндікке қатысты есебін шығару арқылы болжадық. Не боларын уақыт көрсетер. Ескерте кетейік, Үкіметтің тиісті министрлері мен Ұлттық банктің жобасы біздің осы болжамнан онша алыс емес. Ал келер жыл үшін онша уайымдауға мүлде негіз жоқ.

Жұмабек Жандилдин

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Машина жасау саласы төмендейді

Машина жасау саласы өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне дайын болуы керектігін Кәрім Мәсімов Қазақстан машина жасаушыларының II форумы барысында тоқталды. Өз кезігінде Үкімет басшысы машина жасау саласы мемлекет мүмкіндіктері мен ел экономикасы шоғырланатын шекті нүктесі екенін айта келе, Президент тапсырмасына сәйкес, Үкімет, тиісті министрліктер, компаниялар салаға үлкен көңіл бөліп отырғанын жеткізді.



Бүгінде әлем энергия ресурстары мен негізгі шикізат өнімдерінің бағасын төмендету кезеңіне өтіп жатыр. Мұндайда бюджеті энергия ресурстары құнына тәуелді Қазақстан мен өзге мемлекеттердің мүмкіндіктері төмендей түсетіні анық. Бұл бағытта Премьер-Министр аталған қауіптерге төтеп бере алатын стратегия әзірлеп, еңбек өнімділігін арттыру мақсатында компанияларының ішкі резервтерін қарастыру қажеттігін тілге тиек етті.

«Бүгінгі күні дамыған экономикаларда бірде-бір компания өнімді 100 пайыз өзі жалғыз өндіре алмайды. Барлық ірі, жоғары технологиялы компаниялар қосымша құн бойынша тізбек құрып, әлемнің басқа да үздік компанияларымен бірлесе жұмыс істейді. Қазақстан да басқа компаниялармен бірлесіп жұмыс істей алуы үшін біздің экономикамыз ғаламдық экономиканың бір бөлігіне айналуы тиіс. Осыған байланысты қолға алынған алғашқы ауқымды

жоба – ЕАЭО құрылды, ол келесі жылдың I қаңтарынан бастап күшіне енетін болады. Бұл бір жағынан ел ішіндегі кооперация болса, екінші жағынан отандық кәсіпорындарға өнімді сату нарықтарын кеңейтуге жол ашады», – деді. Инвестициялар және даму жөніндегі министрі Әсет Исекешевтің сөзіне қарағанда, елімізде 4 жылда машина жасау саласына 1 млрд. еуродан астам инвестиция тартылған.

2014 жылы теміржол машина жасау саласындағы өнім өндірісі 250 млрд. теңгені құраған. Теміржол машина жасау саласында өнім өндірісі көлемі 2008 жылғы 10 млрд. теңгеден 25 есеге өскен. 2014 жылы аталған көрсеткіш 250 млрд. теңгені құрайды деп болжануда. Теміржол машина жасау саласындағы өнім экспорты екінші жыл қатарынан 100 млн. АҚШ долларын құрайды деп те жоспарлануда. Сондай-ақ, локомотивтер бойынша оқшаулау көлемін 50%-ға, ал жүк вагондары бойынша 90%-ға жеткізу міндеті басшылыққа алынған.

Машина жасау саласы мемлекеттің тікелей қолдауының арқасында дамып келеді. Дегенмен, шенеуніктер әлі де отандық өнімді емес, шетелдік техниканы сатып алуы тоқтатқан жоқ. Осыған жыл сайын қыруар қаржы бөлініп жатыр.

Индустриялық бағдарламаны жүзеге асыру барысында машина жасау өнеркәсібінде өндіріс көлемі екі есеге, 300 миллиардтан 650 миллиард теңгеге артқан. 2015 жылға қарай оның көлемі 1 триллион теңгеден асады деп жоспарланып отыр.

Десек те, отандық өнімдер Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарына сәйкес болмаса, болашағы бұлыңғыр екенін де ұмытпауымыз керек. Мемлекет өнеркәсіп ашуға барлық мүмкіндіктер жасаған, сондықтан кәсіпті ашпас бұрын, оның бәскеге қабілетті өнім шығара алатынына сенімді болу керек. Ертенгі күні ДҰС-ға кіргенімізде әлем елдері сапалы өнімді талап етері хақ. Сондықтан сапа жағына да көңіл бөлген жөн.